

2010 жылға нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 18 ақпандағы № 59 қаулысы. Ақмола облысы Зеренді ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 10 наурызда № 1-14-131 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 560 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2010.12.29 № 560 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 «Халықты жұмыспен қамту туралы» «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы» Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін: маусымдық және уақытша жұмыстардың аяқталуына байланысты еңбек шартының мерзімі аяқталған тұлғалар; жиырма бір жастан жиырма төрт жасқа дейінгі жастар; колледждер мен кәсіби лицейлердің түлектері; өздеріне байланысты емес себептермен, ұзақ мерзім бойы жұмыс істемеген, ж ұ м ы с с ы з д а р .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.А.Таласбаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Зеренді ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулы ресми жариялануға жатады.

Аудан әкімі

Е.Сағдиев